

Романдағы кейіпкер портреті бейнеленуінің психологиялық ерекшеліктері

Мұратбек Әйтимов,
филология ғылымдарының кандидаты.

Көркем шығармалардағы кейіпкерлердің портреті – адамдардың әрқайсысының дербес даралық өзгешеліктерін бейнелеудегі басты тәсілдердің бірі. Тіршілік қозғалысындағы жанды және жансыз денелердің бір-бірінен айырмашылықтарын айқындайтын көрсеткіші – олардың өзара ұқсастығы болғанымен кескінделуі, көлемі, т.б. белгілері жақтарынан елеулі өзіндік даралықтарының болатындығы. Жаратылыс әлеміндегі барлық денелердің, құбылыстардың, қасиеттердің – бәрінің де әрқайсысына тән даралықтарын танудың ең көрнекті көрінісі – кескіндік-тұлғалық сыртқы тұлғалануы ерекшеліктері көрнек өнеріндегі кескін (живопись), сымбат (скульптура), сөз өнері туындыларында адамдардың сан алуан кескін-келбет, мүсін-тұлға жақтарынан дараланатын өзгешеліктері бейнеленгенде тіршілік әлеміндегі осындай заңдылық негізге алынады.

Көркем әдебиет шығармаларындағы кейіпкерлер портреттерінің бейнелеуінде де көрнек өнері түрлерінде белес енді қолданылатын поэтикалық заңдылықтар негізге алынады. Әрине, көркемдік жинақтау бойынша қаламгерлер басты және жанама кейіпкерлердің портреттерін бейнелеуде ұлттық-этнографиялық ерекшеліктерді басты назарға алады. Себебі, көркем шығарманың тақырыптық-идеялық нысанына алынған халықтық өзіндік нәсілдік-ататектік кескін-келбеті, түр-тұлғасы, киінуі, сөйлеуі, мінез-құлқы, т.б. физиономиялық және психологиялық ерекшеліктері де портретін бейнелеуде тұтастала жинақталып көрінеді.

Қазіргі қазақ романдарында да қаламгерлер портретін бейнелеулердің көрнек өнері мұраларында қалыптасқан классикалық үрдісін шығармашылықпен дамыта қолданып жүр.

Илияс Есенберлиннің «Мұхиттан өткен қайық», Бекежан Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы», «Сексен алтыншы жыл», Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасында, Дүкенбай Досжановтың «Ақ Орда», Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» роман-трилогиясында, Ғабиден Құлахметтің «Үйірі жоқ көкжал» және т.б. осы жанрдағы шығармаларда әр қаламгердің өзіндік машық-мәнерімен бейнеленді.

Қазақ әдебиетіндегі эпикалық жанрдағы шығармаларда портреттік бейнелеулер тұрақты орын алған. Бұл – классикалық үрдіс, көрсеткіші. Роман ғасырлардағы үлгілерінде де (антикалық Апулейдің «Дафнис және Хлоя», Петронидің «Сатирикон», Эшенбахтың «Тристан мен Изольда» сонымен бірге Қайта өрлеу дәуірінен бергі жазушылардың Сервантес, Бальзак, Флобер, Стендаль, Диккенс, Толстой, Тургенов, т.б.) романдарында да кейіпкерлердің бейнеленуінде аталған бейнелеуге мән берілді. XVIII-XX

ғасырлардағы әлем әдебиеттеріндегі роман жанрын дамытқан жаушылардың (В.Скот, В.Гюго, Н.Гоголь, Ги де Мопассон, Г. Манн, Э.Хемингуэй, Р.Тагор, т.б.) туындыларында кейіпкерлердің жан әлемі мен сыртқы келбеті сабақтастығын бейнелеудің психологиялық сипаты күрделене түсті.

XX ғасырдағы қазақ романтикасын қалыптастырған қаламгерлердің (М.Дулатов «Бақытсыз Жамал», Т.Жомартбаев «Қыз көрелік», С.Көбеев «Қалың мал», Ж.Аймауытов «Ақбілек», «Қартқожа», Б.Майлин «Қызыл жалау» (аяқталмаған), «Азамат Азаматыч», С.Мұқанов «Сұлушаш», «Ботагөз», «Сырдария», «Мөлдір махаббат», М.Әуезов «Абай жолы», «Қилы заман», «Өскен өркен», Ғ.Мүсірепов «Қазақ солдаты», «Оянған өлке», «Жат қолында», «Ұлпан», Ғ.Мұстафин «Қарағанды», «Шығанақ», «Дауылдан кейін», «Көз көрген») эпикалық туындыларында кейіпкерлерді уақыт пен кеңістіктегі өмір шындығы оқиғалары бойынша бейнелеудің озық дәстүрлері қалыптасты.

Қазіргі қазақ прозасы – сөз арқауындағы классикалық үрдіс желісінің жалғасы. Қазіргі қазақ романшыларының көркемдік шеберлік сырларына қанығуында алыптардан кейінгі толқынның (Ә.Нұрпейісов, І.Есенберлин, Т.Ахтанов, З.Шашкин, Ғ.Сланов, т.б.) да тәлімгерлік әсері мол болды. Осы мектеп ізімен өскен С.Жүнісов, Ә.Кекілбаев, Ә.Тарази, М.Мағауин, Д.Досжанов, Қ.Жұмаділов, Қ.Ысқақов т.б. қаламгерлер бар.

Қазақ әдебиетіндегі роман жанры шығармаларында тақырып пен идея, сюжет пен композиция, стильдік-көркемдік қолданыстар мәселелерінің сөз арқауындағы портреттік бейнелеулерге де толық қатысы бар.

Қазіргі қазақ романдарында кейіпкер портретін бейнелеу сан алуан көркемдік тәсілдермен орындалады. Академик З.Ахметов фольклордағы (Қыз Жібек, Ақжүніс, т.б.), суретші жасаған бейнелеу туындысындағы, М.Әуезовтің «Абай жолындағы» (Тоғжанның) портреттік бейнелеулерді саралай келе теориялық тұжырымдар жасаған:

«Портрет (франц. *portrait* – бейнеленген) – әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой-тұлғасын суреттеу. Кейіпкердің мінез-бітімін, характерін неғұрлым толық ашып көрсету үшін оның портретін мүсіндеудің де үлкен мәні бар. Сондықтан да кейіпкердің характерін әр түрлі жағдайда, күрес-тартыс үстінде оның басқа адамдармен қарым-қатынасын, өзінің әрекет-қимылдары, істеген істері арқылы айқындай отырып, жазушы портреттік сипаттауға да көңіл бөледі. Жазушы нағыз қаһармандарды келбетін, бой-тұлғасын, жүріс-тұрысын, сөйлеу мәнерін есте қаларлықтай етіп, әсерлі бейнелеуге мән береді» [1, 165-166-б.б.].

Кейіпкерлердің портреттік бейнеленулері әр түрлі қимыл әрекеттер, киіну ерекшелігі, қоршаған табиғат құбылыстарымен тоғысқан қалпындағы күрделі бейнелеулермен беріледі. Бұл – кейіпкердің тұлғасын тіршіліктің басқа да құбылыстарымен, қозғалыстарымен тұтастыра бейнелеудегі көркемдік тәсілдерінің көрінісі ретінде байқалады. Мысалы, С.Елубайдың «Ақ боз үй» роман-трилогиясының бірінші кітабындағы басты кейіпкердің әуелгі көрінетін сәтінде осындай тұтастық байқалады:

«... құдықтың күншығыс қапталын орағытып, Қаракерін сылаң-сылаң желдіріп, Хансұлу өтіп барады екен. Басында үкісі бұлғақтаған кәмшат бөрік, үстінде қырмызы кәмзол. Аш белін түрмелеп қынай байлаған. Күміс ертұрман батар күннің жалқын нұрына малынып жарқ-жұрқ етеді. Астындағы сыйда бой кер құнан да иесінің мәпелі жас сұлу екенін білетіндей, аяғын лып-лып билеп басады» [2, 9-10-б.б.].

Кейіпкердің бет әлпетіндегі мимикалық құбылыстар мен ішкі көңіл-күйдің және табиғат әсерінің кешенді тұтасуынан жасалған бейнелеу де поэтикалық ерекшелігімен көрінеді:

«Ат жалына сәл еңкейтіп, қабағын түйіп алған. Қаракер құнаны бейне аяғы жерге тимей ұшып келе жатқандай. Қарсы беттен ысылдап соққан жел ашаң жүзді, әдемі бидай өнді, көз қиығының құйыршығы қайқыланған қыздың көзінен жас парлатты. Кішкентай танауы қусырыла түсіп, сонда да алдына тура қарап құйғытады.» [2, 18-б.].

Кейіпкерлердің портреттерін жасауда, әрине, олардың жас ерекшеліктері мен мінез-құлық, әдет-дағды, дүниетаным ұстанымдары, ерекшеліктері де сыртқы келбеттегі әр алуан құбылыстармен үндестіріле бейнеленеді. Кейіпкерлерді оқиғалар аясындағы көңіл-күйлерін (шаршау, ойлану, күйзелу, т.б.) тоқайластыра бейнелеу қолданылады. Мысалы, «Ақ боз үй» романындағы Хансұлудың ағасы Әзбергеннің, әкесі Пахраддиннің абыз-ахун Лабақтың портретін бейнеленулері мен жан әлем құбылыстары сабақтасқан жағдайларын жазушы реалистікпен суреттеген:

1. «Жақ жүндері үрпиіп, беттерін шаң басқан, көздері қызарып іскен жолсоқты жолаушылардың ішінен ә дегенде Хансұлу әкесі Пахраддинді іздеп еді, көре алмады. Керуен алдында ағасы - Әзберген. Батыр тұлғалы Әзбергеннің беті бұрынғыдан да қалындап кеткендей. Қалың бетіне шанжаулап түк шыққан» [2, 18-б.].

2. «Қарақасқа айғыр мінген әкесін алыстан таныды. Қасындағы ақ түйе мінген, ақ шапанды, басына ақ шалма тартқан, әрине, Лабақ ахун. Лабақ ахун – осы елдің бала оқытатын ишаны. ...Көп кітапты, оқымысты ғұлама, әрі өзі дүниенің толып жатқан дастан-жырын жатқа айтатын жырау» [2, 18-б.].

«Төрде отырған аққудай арық, сақал-шашы аппақ, қураған кәрі ахун домбырасын боздата түседі» [2, 19-б.].

3. «Әкесі Пахраддин кең иықты, мол денелі, сақал-шашы көкбурыл тарта бастаған ат жақты сұлу көзді, келбетті кісі. Ат үстінен еңкейіп, жаяу келіп сәлем берген қызының бетінен сүйіп, ұзақ еміренді. Хансұлудан бұрын Әли, Қали деген екі ұлы болыпты әкесінің. Екеуі де шешектен қайтыпты. Солардан кейін туған жалғыз Хансұлуды әкесі ұлдан кем көрмейтін.

- Сұлутай! Амансыздар ма? – деп қобалжып, дауысы дірілдеді. Кең шаралы, аласы мол мейірбан көзіне жас іркілді. Жоталы мұрны домбығып сәл іскендей. Тұмауратқан кісідей түрі» [2, 19-б.].

Кейіпкердің портретін бейнелеуде ішкі күйзелісті ойлардың құрсауындағы адамдарға тән психологиялық хал-ахуалдың бейнеленуі шығармалардың реалистік бояуларын көркем шындық жинақтауларына сәйкес болмысымен танытады. Мысалы, жазушы Ғабиден Құлахметтің

«Үйірі жоқ көкжал» романындағы кейіпкер Мақат Назарұлы мен оның жанындағы көмекшісі Сұлтанның пойызда келе жатып ішіне бір миллион доллар салынған дипломат-чемоданды басқа бірсудің ұқсас сондай дипломат-чемоданымен ауыстырып алып дағдарып отырған сәтіндегі портреттік-психологиялық бейнелеудің шынайылығы айқын:

«Жұмсақ креслода сілейіп отырған етженді толық кісиде үн жоқ. Бір нүктеге кірпік қақпай қадалған көздері түймедей боп түйіліп тұр. Қасқалана бастаған маңдайы мен екі самайы ұп-ұсақ тер тамшыларынан быршып кеткен. Қожайынның қас-қабағын баққан сом денелі, бұлшық еттері білеу-білеу алпамса жігіттің тіл-аузы байланып қалғандай». [3, 34-б].

Кейіпкердің сезім тебіреністерімен толғанған сәттеріндегі бет-әлпетінің, көз жанарларының ерекше әсерлі сипатта болатынына маңындағылардың да айрықша ықыласпен қарайтыны – өмірлік шындық.

Көркем шығармалардағы кейіпкерлердің сыртқы кескін-келбеттері мен тебіреністерді тоғысқан сәтіндегі хал-ахуалын шынайылықпен бейнелеу әсерлі. Мысалы; Ғ.Құлахметтің «Үйірі жоқ көкжал» романындағы кейіпкер Балтақескеннің гитараға қосылып ән айтқандағы әуез бен бет-әлпет құбылыстарының поэтикалық тұтастығын көреміз: «Алты шектен майда қоңыр мұңды әуен ыршып шықты. Сым пернелерден сорғалаған өксікті сөз жүрек қылын тербеп, жанды ұйытып баурап барады...

Ащы айғайы, шырылдаған бебеуі жоқ әуезді үн құлаққа жағымды, жұмсақ екен. Өмірге деген махаббат пен сағыныш қана ән күдіретін мойындата алады.

Айқасқан қара кірпіктері әлгінде ғана жалт-жұлт еткен жанарды жұрт назарынан көлегейлеп жасырып қалған. Жан қиналысын, жүрек зарын басқаларға көрсеткісі келмеген сияқты. Бурыл кірген бұйра кекілі тершіген маңдайына жабысқан кесек пішінді сұлу жүзді Балтақескенге әйелдер қызыға, еркектер жағы қызғана қарады. Қараған сайын, әркім көңіл естелігін ойша парақтайды» [3, 34-б.].

Қазіргі қазақ романдарындағы кейіпкер портреттерін бейнелеуде қаламгерлер кезеңдерге сәйкес өмірлік шындықтың реалистік болмысын негізге алады. Көркемдік жинақтаумен сомдалған кейіпкерлер тарихи кезеңдер шындығына сәйкес мінез-құлық психологиясын таныта алады. Кейіпкерлерді қоғамдық-әлеуметтік, тұрмыстық қарым-қатынастардағы қақтығыстар, қайшылықтар, тартыстар арасында даралауда қаламгерлер көп дауысты, сан сарынды құбылыстар, ықпалдар түйісіндегі портреттік бейнелеулерді жазады. Бұл – адам жан әлемі мен сыртқы келбет, іс-әрекет сабақтастығын танытудағы кешенді сипатты бейнелеу тәсілі. Бұл орайда, академик Р.Бердібаевтың қазақ тарихы романдарындағы портреттік бейнелеуге байланысты пікірінің дәйектілігіне сүйенеміз:

«Әдебиет тәжірибесі портрет жасаудың аса күрделі міндет екенін көрсетеді. Адамның түр-тұлғасын сурет суретшіше айнытпай көшіру қиын болмағанмен, сол келбетті автордың немесе өзге кейіпкерлердің көзімен және нақтылы ситуациялар үстінде беру оңай емес. Портрет жеке өзіндік мақсат ретінде алынса, оның оқушыға әсері шамалы, келер-кетері жоқ

әшекей секілді болады да қалады. Ал көркемдік шындық мұраты белгілі қаһарман пішінін жанды әрекет, қозғалыс кезінде айқындалуын талап етеді. Демек, реалистік әдебиетте портреттің өзінен кейіпкердің мінезіндегі елеулі белгілер аңғарылып отыруы лазым» [4, 85-86-б.б]. Зерттеуші осы пікірін өрбіте отырып, «Абай жолы» роман-эпопеясындағы портреттік бейнелеудің төрт түрлі болып қолданылғанын көрсеткен:

«Кейде автор қаһарманның сырт келбетін неғұрлым толық келтірсе, енді бір тұста адамның бірер белгісін атап өтумен шектеледі. ... Қаһарманның бет-жүзіндегі, денесіндегі ерекшелікті екінші бір адамның көзімен бағалату суреткердің қалыптастырған тамаша өнегесі. Сондай-ақ адам портретін түрлі жағдайда қайталай, әрбір қырынан толықтыра отыру тұлғаның дамуын елестететін өте ұтымды әдіс болғанын көреміз» [4, 86-б].

Қорыта айтқанда, романдардағы кейіпкер портреті бейнеленуі тарихи шындық поэтикасы жүйесіндегі реалистік және психологиялық көркемдік ерекшеліктердің эстетикалық әсерлілігін күшейте түседі шығарма шынайылығы осындай, көркемдік тәсілдер арқылы ғана орындалады.

Әдебиеттер:

1. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырушылар З.Ахметов, Т.Шаңбаев – Алматы: Ана тілі, 1996 – 240 б.
2. Елубай С. Ақ боз үй: Трилогия. – Алматы: Жазушы, 2005 – 528 б.
3. Құлахмет Ф. Үйірі жоқ көкжал: Роман. – Алматы: Өнер, 2001 – 240 б.
4. Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. – Алматы: Ғылым, 1979 – 240 б.

Резюме

В этой статье рассматривается способы, как написать сочинение более реалистично и истинно- нужно авторский опыт в создании героя и описать его психологический.

Özet

Bu romandaki insanların yazılışı bir tarihi gerçeği anlatıyor ve psikolojik yönünden romanın etkisini artırıyor.

Resume

In this article is considered ways what do the compositions more realistic and truly, it is necessary authors experience in creation hero and describe him psychological.